Ұйымдастырушы, ізденушілік	Әңгімелеу Балаларға ертегілер, көбінесе, өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін ойдан шығарылған оқиғалар екенін айту. «Ұр, тоқпақ» ертегісін оқу, талдау. Сергіту жаттығуы «Біз бақшаға барамыз». Көзге арналған жаттығу: «жоғары, төмен. Ертегіде кездескен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді балалардан сұрау. Ертегіні сахналау. Рөлдерді бөлісуде балаларға бағыт беру және көмектесу.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды. Балалардың жауабы тыңдалады. Балалар өзара кейіпкерлерді бөлісіп сахналайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Ертегі ұнады ма? Балаларды мадақтау.	Балалар өз ойларын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.

Технологиялық картасы №12

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Дос іздеген бота» ертегісі.

Мақсаты:Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағлауға үйрету. Ертегіні рөлге бөліп сахналата отырып достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс:түйе-верблюд, бота-верблюжонок, дос-друг, іздеу-искать.

Қажетті материалдар:саусақ театры, бота, түйе.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері «Менің досым...» Мадина, Фируза, Қарақат.	Балалар өз достарының аттарын айтады.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Өңгімелеу Дос деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? Доссыз адам бола ма? Дос не үшін керек? «Дос іздеген бота» ертегісін ұнтаспадан тыңдау. Сергіту сәті «Орнымыздан Көзге тұрамыз». арналған жаттығу: «оңға, солға». Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою арқылы ертегіні кім қалай түсінгенін білу. Кімге қандай кейіпкер ұнады? Неліктен? Бота дос деген сөздің мағынасын дұрыс түсінді ме?	Балалардың жауабы Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Өздеріне ұнаған кейіпкерлерді атайды. Балалар ертегіні өздері түсінгені бойынша сахналайды.

	Ботамен қандай жануар дос болғысы келді? Бота өзіне дос тапты ма? Ертегіні сахналау.	
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Өзіңе ұнаған кейіпкердің суретін салу үй тапсырмасына беріледі. Ертегіні сахналауда жақсы ойнаған балаларды атау, мадақтау.	Балалар ертегіде ұнаған кейіпкерлерді атайды

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі арқылы достыққа тәрбиелеу.

Технологиялық картасы № 9

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қызыл телпек».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: қыз-девушка, апа-бабушка, қасқыр-волк, аңшылар-охотники.

Қажетті материалдар: апа, қыз, анасы, қасқыр, аңшылар.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Балалар бір-біріне жылы лебіздерін айтады. Айдана, сен сүйкімдісің! Асанәлі, сен мықтысың! Айшат, сен көріктісің!...	Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Қызыл телпек». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Балаларға ертегінің мазмұны туралы сұрақтар қойылады: Ертегі не жайлы? Анасы қызына туған күніне не сыйлайды? Көршілері қызды не деп атап кетті? Анасы қызыл телпекке әжесіне не апарып кел деді? Қызыл телпекке орманда алдынан не кездеседі? Қасқыр қыздан не сұрады? Бірінші болып әжесіне	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.

	кім жетті? Қасқыр әжесіне не істеді? Әжесінің орнына кім жатты? Бірінші болып әжесіне кім жетті? Қызыл телпек әжесіне қандай сұрақтар қойды? Қасқыр қалай жауап берді? Осы кезде үйдің жанынан кімдер өтіп бара жатты? Қызыл телпек пен әжесін кімдер құтқарды? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі.	Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: ертегіні әңгімелеуде өз ойын еркін жеткізуге үйрену.

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Сәруар» ертегісі.

Мақсаты: Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегіні оқып бере отырып батылдыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағлауға үйрету. Ертегіні рөлге бөліп сахналата отырып достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс: аю-медведь, қасқыр-волк, түлкі-лиса, қоян-заяц, ай-луна.

Қажетті материалдар: саусақ театры, қасқыр, аю, қоян, түлкі.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Дидактикалық ойын: Менің досым Мақсаты: адам бойындағы жақсы қасиеттерді айта білуге баулу.	Балаларшеңбер бойына тұрып, бір-біріне гүл ұсынып, достарының жақсы қасиеттерін айтады.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Сұрақ-жауап Айға ұшқыларың келе ме? Айға ұшуымыз үшін қандай болуымыз керек? Айға немен ұшады? С.Оспановтың «Сәруар» ертегісін оқу. Сергіту жаттығуы: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз! Әрқашан да тілектес, Досыңа көмектес. Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою арқылы балалардың ойларын толықтыру. Көзге арналған жаттығу «алыс, жақын».	Балалар өз ойларын айтады. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.

	Сәруар қайда ұшпақ болды? Не үшін аюға барды? Қасқыр келісті ме? Түлкі ше? Қоян неге қорықты? Айға ұшуға күшік пен мысық неге келісті? Сәруардың нағыз достарын ата.	
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Айға ұшу сендерге ұнар ма еді? Айға ұшу үшін қандай болу керек? Айға ұшқанда қасыңа кімді алар едің? Оқу іс-әрекетіне белсенді қатысқан балаларды мадақтау.	Балалардың жауабы тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі арқылы достыққа тәрбиелеу.

Технологиялық картасы №29

Күні:.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қайырымды қоян» ертегісі.

Мақсаты:Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегіні оқып бере отырып батылдыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағлауға үйрету. Ертегіні рөлге бөліп сахналата отырып достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс: аю-медведь, қасқыр-волк, түлкі-лиса, қоян-заяц, ай-луна.

Қажетті материалдар: саусақ театры, қасқыр, аю, қоян, түлкі.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Өлең жолдарын бірге айтады.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	«Қайырымды қоян» ертегісін оқу. Сұрақтар Әке-шешесі баласына кімдерді қонаққа шақыр деді? Бала қонаққа кімдерді шақырды? Әкесі баласына неге ұрысты? Қоян қандай қайырымдылық жасады? Біз де қоян сияқты қайырымды бола аламыз ба? Сергіту жаттығуы: Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлерден, Ытқып-ытқып жүгірді. Мақал жаттау:«Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды».	Балалар ертегі тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар мақалды жаттайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және	Балалар, сендер де қоян сияқты қайырымды бола	Балалар қайырымды қоян суретін салады.

қорытындылау	біліңдер. Балаларды мадақтау.	
--------------	----------------------------------	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдау.

Болу керек: дос бола білу.

Үйрету керек: достыққа адал болу қажеттігін түсіндіру.

Технологиялық картасы №1

Күні:.....

Білім беру саласы: Коммуникация

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңі.

Мақсаты:Өлеңді оқып беру түсіндіру барысында сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Диалогты сөйлеуге үйрету. Бауырсақтың дастарханға қандай жолмен келетінін түсіндіру. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс:дихан, наубайхана, дүкен.

Қажетті материалдар:бауырсақ, қуыршақ егіннің суреттері

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ жасыру Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар.	Балалардың жауабы (Бидай).
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Сұрақ-жауап: Бидайдан не жасалады? Ө.Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңін балаларға оқу. Өлеңде не туралы айтылады? Бауырсақ қайда жатты? Бауырсақ наубайханаға қайдан келді? Диірменге ше? Дикан бидайды қалай өсірді? Балаларды рөлге бөліп ойнату.	Ертегіні мұқият тыңдайды. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар ертегіні рөлге бөліп ойнайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Оқу іс-әрекеті соңында сұрақтар қою арқылы балалардың ойларын қорыту. - Балалар, бауырсақ дастарханға қайдан келеді	Балалар сұрақтарға жауап береді.

	екен? - Бауырсақ дастарханға келу үшін кімдер еңбек етеді екен? Балаларды мадақтау.	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: өлеңді мұқият тыңдау.

Болу керек: нанды қастерлей білу.

Үйрету керек: үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегісі.

Мақсаты: Ертегіні балаларға түсіндіре отырып,қайырымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс:әтеш-петух, қасқыр-волк, түлкі-лиса.

Қажетті материалдар:әтеш, қасқыр, түлкі ойыншықтар.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы тандаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!	Өлең жолдарын бірге айтады.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	«Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегісін оқу.Сұрақтар: Ертегі кейіпкерлерін ата? Олар не салмақ болды? Әкесі баласына неге ұрысты? Түлкі әтеш пен қасқырға қандай тапсырма берді? Сергіту жаттығуы: «Бала, бала, баламыз» Көзге арналған жаттығу: «оңға, солға». Балалардан өздеріне қай кейіпкердің ұнағанын сұрау? Шаһар салу үшін не істеу керек еді?	Балалар ертегі тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалардың жауабы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Ертегіні мазмұндау. Балаларды мадақтау.	Балалар бұл ертегі бізді өтірік айтпауға, бірлік болған жерде жұмысты аяқтауға болатынын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдау.

Болу керек: дос бола білу.

Үйрету керек: достыққа адал болу қажеттігін түсіндіру.

Технологиялық картасы №31

Күні:.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Төрт дос» ертегісі.

Мақсаты:Ертегі мазмұнын түсінуге, тәулік өлшемдері: таң, күндіз, кеш, түн туралы түсініктерін кеңейту. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс:дос-друг, таң-утро, күндіз-день, кеш-вечер, түн-ночь.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларға «күн және түн» ойынын ойнатады	Балалар шеңбер бойына тұрып, күн және түн ойынын ойнайды.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	«Төрт дос» ертегісін оқу. Сергіту жаттығуы: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз! Әрқашан да тілектес, Досыңа көмектес. Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою арқылы балалардың ойларын толықтыру. Көзге арналған жаттығу «алыс, жақын». - Төрт достың аттарын ата? Олар жер тұрғындарымен қалай әзілдесті?	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Оқу іс-әрекетіне белсенді қатысқан балаларды мадақтау.	Балалар ертегіні естерінде сақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі арқылы достыққа тәрбиелеу.

Технологиялық картасы №11

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Кірқоймас» өлеңі.

Мақсаты:балаларды жалқаулықтан жирентіп, еңбекке жақын болуға, тазалыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс:сүлгі-полотенце, сабын-мыло, су сабын-шампунь, айна-зеркало.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ өлең «Бұл не?» 1. Ертемен күнде сен, қолыңа сүйкесең, Кетіп кір ласың, тап-таза боласың. Бұл не? 2. Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды.	Балалардың жауабы Сабын Сүлгі
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Тазалық тақырыбына әңгімелесу: Тазалық дегеніміз не? Не таза болу керек? Дені сау адам қандай болады? К.Чуковскийдің «Кірқоймас» өлеңін оқу, талдау. Өлең мазмұнына сәйкес сұрақтар қою. Баланың киім-кешектері неге қашты? Бала үйге келіп не істеді? Бала жуынғаннан кейін не өзгерді? Балаға қандай заттар дос болуды ұсынды? Бала тазалықтың	Ертегіні мұқият тыңдайды. Қол, киім, ой Көңілді, мықты Балалар өлең жолдарын мұқият тыңдайды. Тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді.

	арқасында нені түсінді? Сергіту сәті: «Шашымды да тарадым». Көзге арналған жаттығу «оңға, солға». Адамның іс-әрекетіне байланысты тиымдар мен ырымдарды айту, түсіндіру. Жуған қолды сілкісе, ырыс-несібе кетеді. Кірдің суын басуға болмайды. Барлық жаманшылық кірдің суымен кетеді, оны басу сол жамандықты үйіңе әкелгенмен тең.	Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды. Тиым сөздерді естерінде сақтайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Оқу іс-әрекеті соңында «Тазалық құралдары» тақырыбына сурет салу ұсынылады.	Балалар сабын, айна, тарақ, тағы басқа тазалық құралдарының суреттерін салады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: жалпы тазалық туралы.

Болу керек: жеке бас гигиенасын сақтау.

Үйрету керек: таза жүруге және тиым сөздердің мағынасын түсінуге тәрбиелеу.

Технологиялық картасы №33

Күні:.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қысқы баспана» ертегісі.

Мақсаты:Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Бір-біріне қамқор болу, адалдыққа, шындыққа тәрбиелеу. Ойлау қабілеттерін дамыту. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс:әтеш-петух, мысық-кошка, бұқа-бык, шошқа-свинья.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Егер сенде сиқырлы таяқша болса не істер едің?	Балалар кезекпен жауап береді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	«Қысқы баспана» ертегісін мәнерлеп оқу. Сұрақ-жауап әдісі арқылы ертегінің мазмұнын ашу. Орманда қандай аңдар өмір сүрді? Олар күзде не тұрғызды? Олардың үйіне нелер келді? Бұқа, әтеш, қошқар, мысық, шошқа қандай дос? Сергіту сәті: «Мен бақшаға барамын». Көзге арналған жаттығу: «оңға, солға». Ертегіні сахналауда балаларға көмектесу.	Ертегіні мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар ертегіні сахналайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Үй жануарларына қандай қамқорлық көрсету керек? Үй жануарлары қандай пайда әкеледі? Балаларды мадақтау.	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Саңырауқұлақ саясында» ертегісі.

Мақсаты:Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағлауға үйрету. Ертегіні рөлге бөліп сахналата отырып достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс:құмырсқа-муравей, көбелек-бабочка, тышқан-мышь, қоян-заяц, түлкі-лиса, саңырауқұлақ-грибы.

Қажетті материалдар: саусақ театры.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ жасыру Өз қалпағын жасынан, Тастамайды басынан.	Балалар жұмбақтың шешуін айтады (саңырауқұлақ.)
Ұйымдастырушы, ізденушілік	«Саңырауқұлақ саясында» ертегісін оқу. Сергіту сәті «Орнымыздан тұрамыз». Көзге арналған жаттығу: «оңға, солға». Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою арқылы ертегіні кім қалай түсінгенін білу. Кімге қандай кейіпкер ұнады? Неліктен? Жаңбыр жауғанда құмырсқа қайда барып тығылды? Екінші кім келді? Кішкене саңырауқұлақтың саясына нешеуі тығылды? Ертегіні сахналау.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Өздеріне ұнаған кейіпкерлерді атайды. Балалар ертегіні өздері түсінгені бойынша сахналайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Өзіңе ұнаған кейіпкердің суретін салу үй тапсырмасына беріледі. Ертегіні сахналауда жақсы ойнаған балаларды	Балалар ертегіде ұнаған кейіпкерлерді атайды

	атау, мадақтау.	
--	-----------------	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі арқылы достыққа тәрбиелеу.

Технологиялық картасы №34

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Түймеқыз» ертегісі.

Мақсаты:Ертегі мазмұнын түсінуге, бір-біріне көмектесуге, достыққа тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс:сиқыршы – волшебница, бала-ребенок, раушангүл-роза, құрбақа-лягушка, тышқан-мышь

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Дидактикалық ойын: Менің досым Мақсаты: адам бойындағы жақсы қасиеттерді айта білуге баулу.	Балалар шеңбер бойына тұрып, бір-біріне гүл ұсынып, достарының жақсы қасиеттерін айтады.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	«Түймеқыз» ертегісін оқу. Сергіту жаттығуы: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз! Әрқашан да тілектес, Досыңа көмектес. Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою арқылы балалардың ойларын толықтыру. Көзге арналған жаттығу «алыс, жақын». Баласы болмаған әйел кімге барды? Сиқыршы әйелге не берді? Анасы оны неге салып бақты? Түймеқызды нелер ұрлап кетті? Балықтар Түймеқызға қалай көмек берді?	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.

	Түймеқыз қарлығашқа қалай көмектесті?	
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Оқу іс-әрекетіне белсенді қатысқан балаларды мадақтау.	Балалардың ертегіні естеріне сақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі арқылы достыққа тәрбиелеу.

Технологиялық картасы №7

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі.

Мақсаты:Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, қарлығаштың адамға дос құс екенін түсіндіру. Сөздік қорларын молайтып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Ертегі арқылы балаларды бір-біріне көмектесуге, достыққа тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс:қарлығаш-ласточка, жылан-змея, маса-комар.

Қажетті материалдар:қарлығаш, маса, жыланның суреттері.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ Бұдыр-бұдыр балшықты, Жинап әкеп талшықты. Ұқсатып қамытқа, Үй салатын жабыққа. Екі айыр құйрығы, Ұшқыш құстың жүйрігі. Бұл қандай құс?	Балалар жұмбақтың шешуін айтады (қарлығаш.)
Ұйымдастырушы, ізденушілік	«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқу. Сергіту жаттығуы: Қане, қанат қағайық, Ұшы-ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Қарлығаш болып ұшайық, Торғай болып қонайық. Сауысқан болып секіріп, Тоқылдақ болып шоқиық. Көзге арналған жаттығу «оңға, солға». Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою: Жылан қандай арыз айтты? Шіркей мен маса не іздеуге шығады? Маса қарлығашқа неге	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді. Балалар ертегіні өз түсінгендерінше сахналайды.

	жауап бермеді? Қарлығаш ұясын қайда салды? Қарлығаштың құйрығы неге айыр? Ертегіні сахналату.	
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Қиындықта достарыңа көмектес. Қарлығаш – адамға дос құс.	Балалар құстарды қорғауға уәде береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі арқылы достыққа тәрбиелеу.

Технологиялық картасы №14

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қырыққабат пен алма».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Балаларды жемістер мен көкөністерді ажырата білуге үйрету, оның адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы білу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс:қырыққабат-капуста, алма-яблоко, қыс-зима.

Қажетті материалдар: қырыққабат, алма.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Қырыққабат пен алма». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Ертеде қырыққабат пен алма қай жерде өсті? Суық қыста қырыққабат неге тоңбады? Суықта алма неге тоңа бастады? Алма қырыққабаттан не өтінді?	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.

	Алма неге жылы жаққа көшіп кетті? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Ағаштар». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрінісін сахналау. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету).	Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Технологиялық картасы №6

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Еңбекпен тапқан нан».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: бала-мальчик, еңбек-труд, күріш-рис.

Қажетті материалдар: бай, бала, қайыршы.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Еңбекпен тапқан нан». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Байдың қол астында кім жұмыс істеген? Бай баланы қайда жұмсады? Көкбазардан нені сатып алып келуге? Жетім келе жатқанда кімді көрді? Күрішті кімге берді? Бай жетім балаға не істеді?	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.

	Қайыршы мен бала не істеді? Қайыршы не деді? Бала одан кейін қалай өмір сүріпті? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрініс сахналау.	Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Технологиялық картасы №18

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Мақтаншақ қоян».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс:қоян-заяц, қасқыр-волк, түлкі-лиса.

Қажетті материалдар: қояндар, қасқыр.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Таңертеңгілік шеңберге тұрып: Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жайнай түссін даламыз, Қайырлы таң баршаға!- деп оқу іс-әрекетімізді бастаймыз.	Таңертеңгілік шеңберге тұрады.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Мақтаншақ қоян». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Қоян қалай мақтаныпты Қоянның алдынан не шығып қалыпты? «Қылдырықтай» деген қоян қасқырдан қалай құтылыпты? Қояндар оған не депті? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Сұр қоян». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды.

	сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрініс сахналау. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету).	Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстындар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Технологиялық картасы №35

Күні:

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Жеті қазынаның бірі» ертегісі.

Мақсаты:Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Ертегінің мазмұнын түсіндіруде, сұрақтарға толық жауап беру арқылы тілдерін дамыту. Ертегіні сахналауға үйрету. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс:арыстан-лев, аңдар-дикие животные, ит-собака, түлкі-лиса.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Егер сенде сиқырлы таяқша болса не істер едің?	Балалар кезекпен жауап береді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	«Жеті қазынаның бірі» ертегісін мәнерлеп оқу. Сұрақ-жауап әдісі арқылы ертегінің мазмұнын ашу. Аң патшасы Арыстан ормандағы аңдарға қандай сұрақ қойды? Аңдар қалай жауап берді? Арыстан неге ашуланды? Иттің жауабын кім айтты? Сергіту сәті: «Мен бақшаға барамын». Көзге арналған жаттығу: «оңға, солға». Ертегіні сахналауда балаларға көмектесу.	Ертегіні мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар ертегіні сахналайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Иттің жауабын балаларға бірнеше рет қайталату. Балаларды мадақтау. Осы ертегідегі иттің суретін салуды ұсыну.	Балалар иттің суретін салып, әр бала өз итін сипаттайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.

Ақылды лақ

Бір бұзау,бір тоқты,бір лақ ел көшкенде ойнап жүріп байқаусызда жұрттан қалыпты.Үшеуі түрнектеп жүріп,қос тұрғызып алыпты.Қосы бір бұлақтың қасында екен.Оның қасында зәулім бәйтерек өсіп тұрыпты.

Бұлар айдалада ең қалғанын естіп бір тойып алайын -деген ниетпен аю іздеп келіпті.

Лақ арбаңдап келе жатқан аюды көреді де ,алдынан жүгіріп шығып,қарсы алыпты.Содан қосқа естіріп келіп есік ашып төрге шығарады.Бұлар үйге кірген кезде «аю ағамыз келіп қалыпты»- екен не тамақ береміз? -деп сұрайды тоқты лақтан.

Сонда ақ лақ даусын көтереңкіреп «Басқа аюдың басын ас, соңғы аюдың төсін ас, дым болмаса осы аюдың өзін сойып,барлық етін түгел ас»-депті.

Оны естіп отырған аю- «бұлар аюдың етін жейді екен ғой»-деп ойлап орнынан атып тұрыпай-жайға қарамай тұра қашыпты.Зытып келе жатса қарсы алдынан қасқыр кездеседі. Аюдың қылығына танданған қасқыр

-Ооо аю жан неден қашып келесін сонша-деп сұрайды.

Бұған аю айтады: мына белдің арға жағындағы бұлақтың жағасында бұзау,тоқты,лақ үшеуі тұрады. Соларды байқап көрейін деп барып ем өзімді жеймін- деген соң ,сорға қашып құтылдым.

Қой ,ары -дейді қасқыр әлгі аюдың сөзіне күліп «бір аюдың басын,бір аюдың төсін жейміз»- деп дауласып жатқанда мен қаша жөнелдім.

Ендеше жүр екеуміз бірге барайық.Үшеуін де қоршап алып ,тең бөлісіп желік-дейді қасқыр.

Оған аю көнбей , жүрексініп -жоқ мен бармаймын өзін-ақ бара бер –дейді.Сол арада қасқыр жіп тауып алады да ,бір ұшын аюдың мойынан ,бір ұшын өзінің мойнын байлайды да,сөйтіп аюды зорлықпен ала жүреді.

Аюды жетелеген қасқыр тартса, тартса қосқа жақындағанда лақ жүгіріп сыртқа шығып :

-Ооо қасеке біз үшеуміз ол аюға тоймаймыз- деп айқайлайды.

Бұл сөзін естіген аю бұрынғыдан да шошып,кері қарай қаша жөнеледі.Қасқыр жіпке буынып қылқынып қалады.Бір жерге келгенде аю жіпті үзіп тастап кетеді.Ес -түсінен айырылып,әлсіреп жатқан қасқырға дала кезіп жүрген тағы бір қасқыр.

-Ооо досым неғып зұлап жатырсын? –деп сұрайды.Бірден, уақытта есін жиған қасқыр «Неғып жатушы ем ,аюдың ақмақтығынан өлгелі жатырмын, мені аю сүйретіп шығып кетті»-деп басынан кешкен оқиғаны айтып береді.

Онда өзіміз-ақ барайық- деп айтады қалсыраған қасқыр.Сонымен екі қасқыр қосқа қайта барады.Бұларға қолдана шарасы таусылған бұзау,тоқты,лақ бәйтерекке шығып алады. Лақ бас жағына,тоқты орта тұсына ,бұзау олардан төменірек орналасады. Бәйтеректің түбіне келген соң әлгі жолда қосылған қасқыр:

-кел екеуміз мына ағашты ырғайық. Аналар алма құсап жерге төгіліп түседі-деп ағаш астына келіп дайындалып тұрғанда ,бұзау отырған бұтақ сынып кетеді де жерге топ ете түседі., содан сескеніп тұрған қасқырдың бел омыртқасы үзіліп кетіпті.Бұдан кейін аю қылқындырып кеткен қасқыр қорқып өз бетімен қаша жөнеледі.Сөйтіп бұзау,тоқты.лақ ажалдан аман қалыпты.Күзде ескі жұртына қайта көшіп келген иесі аман есен жайылып жүрген малын тауып алыпты.

Төлдер айтысы

Бір жерге жиналған лақ, құлын, бұзау, қошақан, бота «біздің иеміз қайсымызды жақсы көреді?» деп бір-бірінен сұрасты.

Бірінші лақ бастап:

-Мә-ә-ә! Әрине, иеміз бізді жақсы көреді. Ол біздің сүтімізді ішіп, түбітімізді киімге пайдаланады, - деді.

Қошақан тұрып:

- Ме-ме! Ал біз ше! Адамға біздің етіміз өте ұнайды! Ол біздің жүнімізден жылы кеудешелер, бас киім, қолғап, шұлық тоқып, көрпе жасайды. Иеміз бізді жақсы көреді, бізден пайдалысы жоқ! – дейді.

Осы кезде бұзау:

- Мө-ө-ө! Сендер босқа мақтанасыңдар, адам тіршілігіне ең қолайлы – сиыр малы. Бізден шелек-шелек сүт, қарын-қарын май, ірімшік алады, етімізді жейді. Иемізге бізден пайдалы түлік жоқ! – депті.
Сонда құлын бір кісінеп алады да:
- Орынсыз мақтанбаңдар! Иеміз бізден қымыз алады, етімізден қазы-қарта, шұжық жасайды. Адамның мінетін көлігі де – біздер! – дейді.
- Үндемей, монтиіп тұрған бота:
- Бәріңнен де адамдар бізді жақсы көреді! Бізден алатын шұбаттың емдік қасиетін айтсаңшы! Оған еш нәрсе жетпейді, - дейді.
- Осы кезде адам:
- Төлдерім, босқа таласпаңдар! Сендердің әрқайсыларыңның өз орндарың бар! Адам үшін бәрің де пайдалысыңдар, керексіңдер! – деді.

Оқу іс-әрекетінің тақырыбы: Төлдер айтысы (ертегі).

Оқу іс-әрекетінің мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Төрт түлік мал төлдерінің аталуын және оларды ажырата білуге үйрету. Төлдерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету.

Сөздік жұмыс: Төрт түлік, төл.

Оқу іс-әрекетінің көрнекіліктері: Үй жануарлары және төлдерінің суреттері.

Оқу іс-әрекетінің барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

1.Кіріспе әңгіме Балалар шаттық шеңберіне тұрады. Балалар аналарының өздерін қалай еркелететінін айтады.

- Менің атым Айша, мені анам «қошақаным» деп еркелетеді.

- Менің атым Елжан, мені анам «ботақаным» дейді.

- Менің атым Әмина, маған анам «құлыншағым» дейді.

2.Дидактикалық ойын: «Төлін тап».

Ойын шарты: Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына өз төлін тауып ілуі тиіс. Ойын осылай жалғаса береді.

3.Дәптермен жұмыс: «Төлдер айтысы» ертегісімен балаларды таныстыру.

- Төлдер бір-бірімен не үшін айтысты?

- Лақ не айтты?

- Құлын ше?

- Бұзау не деді?

- Қошақан, бота не деді?

- Адам не деп жауап берді?

4.Сергіту сәті: Айналайын торпақ, бола берме қорқақ, Айналайын қозым, малда жуас бозым.

Айналайын ботам, қандай күлте жотаң,

Жалт-жүлт етіп лақ, жағалайсың бұлақ.

(Қимылмен көрсетеді).

5.Дәптермен жұмыс: Жұмбақтың шешуін тап.

Жарысуға дайын, менің қасқа ... (тайым)

Тастан тасқа секірген ұзын салпаң құлақты,

Қойдан маза кетірген, кім біледі ... (лақты)

Моп-момақан өзі, сүп-сүйкімді... (қозы)

Қорытынды:

- Үй жануарларының адамдарға қандай пайдасы бар?
- Ешкі, қой, сиыр, түйе, жылқының төлдерін ата.
- Малдарды қалай шақырады?

- **Білім беру саласы:** Коммуникация
- **Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Ертегілер елінде
- **Тақырыбы:** «Ақылды лақ» ертегісі
- **Мақсаты:** ертегінің мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету, балалардың сөздік қорын молайту. Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.
- **Білімділік:**Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету;
- **Дамытушылық:**Балалардың сөздік қорын молайту;
- **Тәрбиелік:**Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.
- **Методикалық әдіс – тәсілдер:** оқып беру, түсіндіру, көрсету, сұрақ – жауап, сахналау, мақтау, мадақтау, қорытындылау.
- **Қолданылатын көрнекі құралдар:**ертегі желісі бейнеленген суреттер, хрестоматия, үй жануарлары түріндегі ойыншықтар.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әректі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғау-шылық	Шаттық шеңбері Төрт түлік жыры Шөре-шөре, шөлдедің бе лағым, Сонша неге елеңдейді құлағың? Қойшы, лағым, әлде қарның ашты ма, Сен жыласаң, менің келер жылағым	Қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар үй жануарларына не жатады? -Мына суретке қараңдаршы. Үй жануарлары төлімен жайылып жүр екен, үй жануарларының төлдерін атайық. -Мен сендерге өлең жолдарын оқимын, ал сендер қай төл туралы сөз болатынын айтыңдар. Шөре, шөре лағым Тентек болма шырағым Секендемей демінді ал Селтендемей құлағың -деп неге айтамыз? Ендеше, сендерге үй жануарларының бірі «Ақылды лақ» туралы ертегі оқып берейін. Ақылды лақ Бір бұзау, бір тоқты, лақ ел көшкенде жұртта қалыпты. Үшеуі адам болып қос тұрғызып алыпты. Қосы бір бұлақтың бойында екен, қасында бәйтерегі бар екен. Бұлардың хабарын естіп, бір аю жеймін деп, қостың қасына келген екен. Лақ аюды көріп алдынан жүгіріп шығып, қосына әкеліп, есік ашып енгізеді. Үйге кірген соң: «Аюға не береміз?» – дейді тоқты. Сонда лақ айтады: – Басқы аюдың басын ас, соңғы аюдың төсін ас, болмаса, осы аюдың өзін сойып ас! – дейді. Бұлар аю жейді екен деп, аю орнынан тұра қашады. Қашып келе жатса, оған қасқыр жолыға кетіп: «Қайдан қаштың?» – деп сұрайды. Аю: «Міне жерде тоқты, лақ, бұзауға	Түйенің төлі – ботақан, Қойдың төлі – қошақан Ешкінің төлі – лақ Жылқының төлі – құлын Сиырдың төлі – бұзау. Лақ Ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.

	барып едім, өзімді жеймін деген соң, қашып әрең құтылдым», – дейді. «Ендеше, екеуіміз де баралық, бірігіп желік», – дейді қасқыр. Аю: «Мен бармаймын», – дейді. Қасқыр бір жіп тауып, бір жағын аюдың мойнынан байлап, бір жағын өзінің мойнына байлап алып жүреді. Қосқа жақындағанда, лақ шығып: «Ол аюға тоймаймыз», – дейді. Бұл сөзден бұрынғыдан жаман қорқып қайта қаша жөнеледі. Қасқыр буынып, жығылып қалады. Бұл жығылып жатқан қасқырға екінші қасқыр келіп: «Сен не қып жатырсың?» – дейді. «Мен не қып жатайын, аю сүйреп кетті», – деп, бастан-аяқ жөнін айтады. Сонымен үшеуі қайтадан барады. Мұны көріп, үшеуі бәйтерекке шығыпты. Лақ басына, тоқты ортасына, бұзау артына тұрыпты. Түбіне келіп қасқыр бал ашып: «Жейміз бе, жоқ па?» – деп тұрғанда, бұтақ сынып, бұзау жерге құлап түседі. Құлаған бұзаудан қорқып қасқырлар бет-бетіне қашып кетеді. Бұзау, лақтың иесі күз айналып келіп, қосты тауып алады. «Бір лақтың ақылы сондай болыпты» деп қазақтың айтатыны осы. Сұрақ – жауап арқылы ертегі мазмұны не жайлы екенін білу. -Ертегі қалай аталады? -Ертегі ұнады ма? -Ел көшкенде қандай төлдер қалып қойды? -Олар не істеді?	
		-«Ақылды лақ» -Ұнады. -Лақ, бұзау, тоқты -Дос болды
Рефлексиялық-	Қорытындылау. Балалармен бірге «Ақылды лақ» ертегісін рөлдерге бөліп сахналау. Балалардың өнеріне ризашылық	Балалар қызығушылық

түзету шілік	білдіріп, мақтау.	танытады.
-----------------	-------------------	-----------

-
- **Күтілетін нәтиже:**
- **Біледі:** ертегінің мазмұнын.
- **Игереді:** малдың төлдерін қалай атау керектігін.
- **Менгереді:** көркем әдеби тілде сөйлеуді.
-